*К. А. ОРАЗБЕКОВА*

# САЛТ-ДӘСТҮР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ, АТА-БАБА САРА ЖОЛЫ

Егеменді еліміздің болашақ азаматын, елін сүйер ер ұрпағын, нағыз, толық жетілген ұлттық тұлғаны тәрбиелеуде ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүр, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптың маңызы өте зор. **Салт-дәстүр бұл ұлт болудың әлем деңгейіндегі талаптардың төртінші міндетті шарты болып есептеледі.**

Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуынан бастау алады екен. Қазіргі ғылыми дәлелдеулер бойынша, қазақ ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әу бастан-ақ дамыған. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің дәуірімізге жетті. В. Г. Белинский салт-дәстүрдің өміршеңдігі жөнінде: «Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді...» — дейді. Әрине, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болады. Олар сол халықтың ерекше белгісі болып сақтала береді.

Біздің халқымыздың салт, дәстүрлері тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеліп, жиналып, қаралып, көпшілік оған енді ғана назар аудара бастады. Мұның тек рухани, мәдени жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ – адам тәрбиесіне де үлкен мәні бар екенін Елбасы қадап айтып естен шығармай жастарды дәстүрдің өнегесімен тәрбиелеуді талап етеді. Ұлтымыздың осындай тәлім-тәрбиелік, сезімдік мәніне терең үңіліп қарап, сырын ашатын болсақ, одан өте көп ғибратты істерге қанық боламыз.

Адамдардың қарым-қатынасын реттейтін ұлттық ойындар, қалжыңның түрлері, достық-құрдастық, туысқандық қарым-қатынастардың деңгейлері (жеңгесі мен қайнысы, нағашысы мен жиендері, жездесі мен балдыздары, т.с.с.) тәрізді салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ырымдардың барлығы қазақтың өзіндік дүниетанымын калыптастыруда, тәлім-тәрбие беруде үлкен рөл атқарады.

Халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға жалғасып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді мұрат тұтқан. Шыншыл, әділетті, иманды болуды сонау ата-бабадан келе жатқан дәстүр санаған халқымыз сол дәстүрді бұзғандарға ат-шапан айып тартқызып, кейінгі ұрпақтан ата салтын мықтап ұстауды талап еткен. Мәселен, атасы немересін алдымен елінің құтты қонысымен таныстырған. Жылдың әр мезгілінде елдің қайда, қалай көшетінін, суды қайдан ішетінін айтып, жеті атасының зираттарын көрсетіп, елдегі даңқты адамдарының ерлік хикаяларын, ауыл-аймақтағы жер-су атауларын ерінбей-жалықпай баласының санасына сіңіре берген.

Өйткені ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы ой-арманы болып келді. Осы арман дене, әдеп, ақыл-ой, адамгершілік, кәсіптік және парасат пен намыс т.с.с. тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа заманалар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, сіңіріліп, іске асырылып отырды.

Бұны Қазақстан Кеңестік Одақтың бұғау қамытын ысырып, өзінің Президентін жалпы халық болып береке-бірлікте сайлап, салтанатты қуанышқа қалың қауым боп құрбандық шалып, халқымыздың аман-сау, дәулет –сәулетті, бақыт – баянды, сау-саламат болуын тілеп, хан көтеру, ант қабылдау, шапан жамылып, бата алу аталы дәстүрді іске асырып, ақсарбас айтып жалғастырды.

Сонымен қатар белгілі қайраткер ағамыз Әбіш Кекілбаев елге ризалық, Парламентке сенім білдіріп, Президентке аманат айтып тағы бір киелі дәстүрді ортамызға оралтты.

Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбек сүйгіш абзал азамат болып өсуін армандаған халықтың жарасымды салт-дәстүрлері көп-ақ.

Олар – ұрпақ үшін тек танымдық дүние ғана емес, ол ата-аналар үшін де аңсап, сусап, үйренетін тәлімдік, тәрбиелік өнеге. Ауыл үйдің айбары болған балалар сөзі, аталар батасы, енелер өсиеті, мірдің

оғындай шешендік суырыпсалма сөздер, халқымыздың бойындағы сезімталдық, дархандық, қайырымдылық сияқты қадірқа- сиеттер – бүгінгі мен кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес байлық. «Қазақстанның бірінші байлығы – осындағы халықтардың татулығы. Сондықтан да татулық, түсіністік – ең басты бағыт. Бізге басқа жол жоқ. Тарих еншімізге осындай мұра қалдырған екен, ендеше оны ескермеуге әсте болмайды», – деп, ойы терең, өмірден түйгені мол, білімпаз Президент іштей үйлескен ырғақпен сөз бен сөзі, дыбыс пен дыбысы өзара ұйқасып, тыңдаушыларын бірден ұйытып әкететін, көкірек көзін ашатын Ана тілінде батыл сөз толғады. Онда жаңа сайланған Елбасы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, жан дүниесінің сырға толы сұлулығын, рухани болмыс-бейнесін ой елегінен өткізіп, мақтана, тебірене айтып, дана бабаларымыздың дәстүрімен:

«Бейбіт елде сән болар,
Сән болған жерде ән болар.
Бүлінген елде дау болар,
Дау болған жерде жау болар,
Шаңдатып ел жауласса,
Оның арты қан болар», –

деп ескерткенін халқы түсініп, сүйінді. Бұл да қазақ дәстүрінің талабы «Кім сені сүйсе, оны сүймектік парыз». Оған дәлел әр отбасынан-ақ табылады. Кіп-кішкентай немерем Елбасымен мұғалімдер съезінде түскен суретті құшақтап: «Я люблю свою әжешку!», – дейді. Жаным, мен де сені өте жақсы көрем! Сен үшін жүрегімді суырып, жанымды беруге дайынмын, – деп құшақтап, иіскеп бір жұмаққа баттым. Сонда ол «Менің Қазақстанымды» бастап бәрімізге айт, айт деп айтқызды. Ата-аналар осындайда баршы, ойнашы деп итермелесе баланың еңсесі түседі, қабілетті басылады, батылдығы өшеді. Қазақ отбасында баладан: «Атың кім? Әкең кім? Атаң бар ма? Әжең аты кім? Кімнің баласысың?» деп бекер сұрамаған. Бұл сұрақтар да оның дүниетанымын қалыптастырады. Әкесі мақтап, сен кімсің, балам? дегенде, менің құшағымнан атып тұрып



«Мен қазақпын!
Отаным бар, Елбасы бар!
Елім бар, көлім бар, жерім бар.
Достарым мен мектебім бар!
Әкем, анам, әжем бар,
Әпкем менен ағам бар,
Сүйікті Отбасым бар! –

деп нақышына келтіріп айқайлап айтып жүрген жолдары да куә.

Әл-Ғалымның әдемі де әсерлі бұл сөздерінен перзенттік ыстық сүйіспеншілік сезімдерін байқауға болады. Қазақ баланы кішкентайынан үй-ішіне, өз туыстарына, ата-анасына деген сүйіспеншілікке, өз елін, жерін жақсы көруге тәрбиелеген. Отан ата-анаң, досың, бауырың, өскен ауылың т.с.с. екенін түсіндіріп «Отан от басынан басталады» деген нақылмен түйіндеген.

Отанға сүйіспеншілік дегеніміз – ең алдымен өз ауылына, оның еңбекшілеріне деген сүйіспеншілік. Егер ол елімен бір ауылда, бір аулада бірге тұратындарды жақсы көрмесе, онда ол бүкіл халықты да жақсы көре алмайды. Сондықтан бала отбасынан мына жолдарды аузынан тастамай өсуі керек.

Отан – сенің, ата-анаң,
Отан – досың, бауырың,
Отан – өлкең, астанаң,
Отан – аудан, ауылың,
Отан – тарих, Отан – тіл,
Туған елің, өз халқың
Отан – өлкең, Отан – жер. (*К. О*) (*Б. Ысқақов*)

«Туған жерді – сүю парыз, Сүю үшін білу – парыз. Қасиетін ұғу – парыз, Күзетінде тұру – парыз» (*М. Әлімбаев*).

Адам болу – кісіліктің, адамгершіліктің қайнар көзі – қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен өмір тәжірибесіндегі үлгі, өнегесі. Көп ақын-жазушы ағаларымыз, данагөй ата-бабаларымыз өз ойларын, ақыл мен парасатқа толы сөздерін алтын әріптермен жазып бізге, яғни өздерінен кейінгі іздерін жалғастырар ұрпақтарына, өшпес мұра ретінде қалдырып кеткен. Әрбір ұрпақтың ақылгөй де дана, инабатты да ибалы болуын қалаған ата-бабаларымыздың өз тұжырымдарын, ақылдарын, ұлағатты ұлы сөздерін жас ұрпақтың еншісіне өшпес алтын қазына етіп қалдырған.

Біз, Қазақ халқы, ата-баба дәстүрін әрқашан қастерлеген кең пейіл дана халықпыз. Ұлағатты ұлы сөздерін өмірдегі ұранымыз етіп әрқашан жадымызда сақтап келеміз.

Осы дәстүрді «Ұлағатты ұлы сөздерін» Пре-

зидентіміз де жалғастырып, халқына Жолдауларында бабаларымыз сияқты сара жол көрсетіп отыр. Әрине бұлар да болашақ ұрпақтың еншісіне асыл мұра боп енеді. Өйткені әр халық өзінің ана тілімен және салт-дәстүрімен асқақ та мәртебелі (*М. Әлімбаев*).

Ұлттық рухтың ұстын-тірегі, қайнар көзі және күш-қуаты – сол халықтың өзі. Ал сыртқы көрінісі — жоғарғы билік. Арғы, көне тарихты айтпағанда, бергі қазақтағы Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір, Абылай хандар – дара туған ұлы тұлғалар ғана емес, өз тұсындағы қазақ халқының ұлттық рухының айқын көріністері болатын. Яғни халқы қандай болса, хандары да сондай еді және керісінше. Елін сүйген – жерін сүйген, ақылға кеніш, ерлікке кемел тұлғалар өз жұртын да жаңа биікке көтерді. Ұлысының іргесін нығайтты, сыртқы жаулардың бетін қайырып, ұрпағының өрісін кеңейтті. Бар ісі ұлтының игілігіне жұмсалды.

Олай болса, әрбір халықтың жері мен тілі оның ұлт ретіндегі негізгі қазығы болса, тарихы мен салт-дәстүрі екінші қазығы болмақ. Сондықтан балабақша мен мектепте, орта және жоғары оқу орындарында барша тәрбие мәселесін осы тұрғыда қайта жасап шығу міндеті — аса күрделі де жауапкершілікті жас ұрпақтың ішкі естілігіне игі ықпал жасайтын, ұлттық болмысын оятып, дамытатын тиімді іс. Осындай үлкен істі ғана Елбасы үшін еткен болашақ қазақ ұрпағын қалыптастыруға болады. Ұлттық тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеп жетілдіру екі түрлі қарым-қатынасты ұйымдастыруға байланысты. Ол оқыту және тәрбиелеу ісі (1-кестені қараңыз).

Өз ұрпағын ата-баба рухына тәрбиелеп, ұлттық намысты ту етіп ұстанған халқымыз «қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дегенді үнемі есте ұстанған. Қазақ – жесірін өгейсітпеген, жетімін шеттетпеген аса бауырмал халық. Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр, рухани және мәдениет мұраларын сақтау, қалыптастыру, жетілдіру жөнінде Елбасымыз ұдайы айтады. Бұл орайда іске асырылып жатқан нақты іс-шаралар баршылық болғанмен, тоқмейілсуге әлі де болмайды. Рухани мұралардың көнесі әрі қажеттісі болып саналатын ұлттық салт-дәстүрлерімізді кеңінен насихаттай берумен бірге, көздің қарашығындай сақтау, жас ұрпаққа ұғындыра түсу өте қажет-ақ.

Осындай үлкен істе ғана Елбасы үміт еткен болашақ қазақ ұрпағын қалыптастыруға болады. Ұлттық тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеп жетілдіру екі түрлі қарым-қатынасы ұйымдастыруға байланысты. Ол – оқыту және тәрбиелеу ісі.

Бірақ біздің дәстүрімізше «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім азаматтың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», — деген әл-Фараби бабамыздың сөзін жадымызда ұстағанымыз жөн. Демек, болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті, білімді болуы ең бірінші ата-анадан, отбасы — ошақ қасынан басталмақ. Сол себепті қазақта «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөз тегін айтылмаса керек. Халықта «тегінен нәр алған тозбайды» деген ұлағатты сөз бар. Адамның өмірі ғұмырының ең елеулі, шешуші кезеңдерін қамтитын салт-дәстүр, жөн- жоралғы, той-томалақ, рәсім, ырымнанымға, ән мен күйге толы алтын қазына.

Салт-дәстүрлер адамдармен бірге туып, дамып қалыптасады. Адам туылғаннан бастап өмірінің соңғы күніне дейін салт-дәстүрлердің ықпалымен өмір сүреді.

Жан өмірі рухта, рух өмірі есте, ес өмірі – жүректе, жүрек өмірі ақылда, ақыл өмірі – ғылымда... Ғылым – ұғынықты да, ақылға қонымды бүкіл ақиқаттың күзетшісі... (*Қ. Яссауи*).

Адамзаттың рухани даму, ақыл-ой тарихына көз жіберсек, қай заманның болса да, данагөй ойшылдарының адамның асыл, аяулы қасиеттеріне тәнті болып, сырына, жаратылысына үңілмегендері кемде-кем екенін көреміз.

Даналардың тұжырымдауынша, ақыл-парасаттылық мынадай он нәрседен: біріншіден, адамдарға кішіпейіл һәм нәзік сезімталдықпен қараудан; екіншіден, өзінің кім екенін біліп соған орай әрекет жасаудан; үшіншіден, шахтарға қызмет етіп, олардың тілек-армандарын орындаудан; төртіншіден, өз сырларын досатарына білдіру-білдірмеуді білуден; бесіншіден, өзінің және басқалардың сырын сақтаудан; алтыншыдан, шахтардың сарайында сақ болып, адамдарды шырын тілмен баурап ала білуден; жетіншіден, тілге ие болып, артық сөйлемеуден; сегізіншіден, мәжілістерде тыныш, үндемей отырудан, әдеп сақтап, сұрамаған нәрсені айтпаудан және өкіндіретін сөздердің тілге ілігуінен сақтанудан; тоғызыншы, қатеңді бірден мойындап, кешірім сұраудан; оныншы, біреудің ісіне араласпаудан, басыңа пайдасы жоқ сөзді сөйлемеуден тұрады.

Адамдар парасатты болу үшін, сондай-ақ терең ілім-білімі болу керек. (Абай: «*Ғылым сол үшеуінің басын қоспақ*»). Күннің жер жүзін жайнатып, әлемге мәңгілік өмір сыйлағаны сияқты, ілім де жанды нұрға бөлеп, адамның мерейін өсіреді. Білім адамды надандық тұмшалаған қараңғы қапастан жарық, кең

1-кесте




әлемге алып шығады. Бұл жағынан алғанда, ақыл-парасаттың өзі білім – миуа ағашының жемісі іспеттес. Білім парасаттың ішкі нәрі, сыртқы шырайы, әрі деуге болады. Оның жемісі – көптің игілігі, оның жарығы айналасына түседі, оның нәрі қайырымдылық, қамқорлық тамырлары арқылы төңірегіне тарайды, оның биік те мығым діңі, яғни әлуетті тұлғасы – көптің сүйеніші. Сол үшін парасат иесін басқалар қатты құрметтеп, ізет тұтады.

Парасатты адам тарих тағылымын, ата-бабалардан қалған өмір сабақтарын, жол-жосынды, үлгі-өнегені, яғни салт-дәстүрді зердесінде ұстап, өз кезінің өзгешеліктерін ескере отырып, пайдаланады. Ол әрқашан өзінің іс-қылығына сын көзбен қарап, өзім білермендіктен сақтанады. Білімді, парасатты адамға тән ерекше қасиет – зиянды нәрсенің өзінен пайдалы сабақ ала білу, яғни пайымшылдық, жасампаздық.

Осы ойды орыстың ұлы суреткері Л. Н. Толстой да айтады: «Даналық білмеуден қорықпайды,

күдіктенуден, еңбектен, зерттеуден қорықпайды, бір ғана нәрседен – білмейтінін білем деуден қорқады», – дейді. Бұл, яғни аса мол білім-білікке ие бола отырып, болдым-толдым демеу – парасаттылықтың басты белгілерінің бірі.

Парасаттылыққа кереғар ұғымның бірі – ермелік. Өз түйгені, өз пікірі жоқ, «Жақсы менен жаманды ажыратпайтын» адам ерме келеді. Кейде біз ермелік пен ақ көңілділікті, сенімділікті, адалдықты ажырата алмай қаламыз. Соңғы айтылған үш ұғым адам бойындағы асыл қасиеттер санатына қосылса, ермелік, әдетте, парықсыздық, түйсіздік ретінде айыпталып, күстәналанады. Өйткені ермелік көбіне-көп кісіні түзу жолдан тайдырады, ғайбат сөзге, жалған мадаққа иланып, кейбір адамның өзі көпе-көрінеу біреуге қиянат қылады, жолын кеседі, бағын байлайды немесе лақап сөзге еріп, лайықсыз, жөнсіз әрекет істейді. Лайықсыз жандарға қошемет көр-сетіп, арашаға түседі. Сөйтіп, өзі де опық жейді, өзгені де өкіндіреді. Сондықтан өзін анық білмейтін, дұрыс танымайтын адамды біреу айтты деп, мүйіздеу яки дәріптеп, аспанға көтеру, әдетте ұятқа қалдырып, өкінішке соқтырып жататынын ұмытпау керек.

Француз философы Г. Мабли (1709–1785): «Біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ең ізгісі – парасат», – дейді.

Қазірде туған жұртының әдет-ғұрпынан, дәстүр салтынан бейхабар кейбіреулер имандылықтан имансыздыққа қарай бет алуда. Ал, мейірімсіздік пен қатыгездік солардан шығады.

Тіпті марқұм болып о дүниеге аттанарда да, одан кейін де салт-дәстүрлердің адамға деген қатынасы жалғаса береді. Жекелеген адам салттарды ойлап шығара алмайды, сол сияқты жоя да алмайды. Тарихта тұрақты салт-дәстүрсіз ешбір қоғам, ешбір халық болған емес. Оған Қазақстан халықтары Ассамблеясы-ақ дәлел. Әрбір халықтың қалыптасқан материалдық және рухани өмір жағдайы, өзіндік тарихи даму жолы, географиялық және тіршілік ерекшеліктері оның жеке өкілдерінің санасында бейнеленеді. Бұл салт-дәстүрлер арқылы көрініс табады.

Қазақ — салт-дәстүрлерге өте бай халық. Олардың жас ұрпақты жан-жақты азамат, шынайы ұлттық тұлға етіп өсіруде тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық әсері зор. Ғалымдарымыз ұлттық салт-дәстүрлердің адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын үлкен тәрбие мектебі екенін насихаттап, ғылыми тұрғыдан жүйелеуге бет бұрды. Соңғы жылдардағы зерттеулерде қазақ халқының салт-дәстүрлері белгілі жүйеге келтіріліп, үлкен үш топқа бөлініп қарастырылуда. Олар: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыстық салт-дәстүрлер және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер.

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы, т. б.) бастап,қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы — жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді.

Ал тұрмыс-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді.

Сондай-ақ әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық музыка аспаптары, үйлену — үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, қонақ күту, халықтық-ұлттық мерекелерді өткізу, өлікті жөнелту рәсімдері, әдет-ғұрыптары жатады.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы ой-арманы болып келді. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, кәсіптік және эстетикалық тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа заманалар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, сіңіріліп, іске асырылып отырды.

Халықтың өсіп-өнетін алтын ордасы – жас жұбайлардың шаңырағы. Қыз бен жігіттің бас қосып үйленуі сырт қарағанда олардың жеке өз істері сияқты көрінгенімен, бұл бүкіл халық мүддесімен, оның болашағымен ұштасып жатқан, қоғам өмірімен өзектес күрделі құбылыс екені айқын. Сондықтан да бұрын ата-ана балаларын кезінде үйлендіріп, жақсы келін түсіруді мұрат тұтып, мұны тікелей өз қолдарына алып отырған. Әрине, қандай әке-шеше болса да, бәрінен бұрын айттыратын қызының ажар-көркіне ғана емес, адамгершілік қасиеті қандай екеніне көңіл бөліп, оның ең алдымен күйеуіне адал қосақ, ата-енесіне мейірімді келін болу жақтарына назар аударатыны сөзсіз. Мысалы, XVIII ғасырда өмір сүрген ұлы тұлғалардың бірі – атақты Төле би бабамыз ел аралап жүріп, баласына

қызды таңдап айттырған екен. Ол, өзінің болжағанындай, парасатты, ақылды, ел-жұртқа қадірлі келін болыпты. Қазақ елінің өз арасында мұндай құдалық, жекжаттық ертеден-ақ тарап, өмір сүру заңдылығына айналған.

Жалпы, шаңырақ құру – күллі адамзаттық дәстүр екені түсінікті. Бірақ жер бетінде қанша халық болса, бұл дәстүрдің сипаттары да соншама сан алуан. Өйткені әр халық өзінің шаңырақ көтеру қуанышын өз тұрмыс-салттарына лайықтап, өздерінше қызықтауға тырысады. Осы үрдісті қазақ халқы да ғасырлар бойы өзгеге ұқсатпай, өздерінше дамытқаны анық. Олай болса, қазақтың шаңырақ көтеру сәтіндегі өзіндік ерекшеліктері бар.

Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, жаңадан көтерілер шаңырақтың мақсаты мен мәні ең әуелі тегіне орай үндестіріліп, ата-ананың ризашылықтарына негізделіп шешілетін. Мұнда негізгі қағида ретінде, тектілік пен адамгершілік парыздары бағдарға алынатын. Сондықтан бұл дәстүрді қазақ халқы сонау ерте ғасырлардан бері қарай жеті атаға дейін қыз алыспау салтымен орайластыра білгені белгілі.

«Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес. Бұрынғының парқын білгендер, бүгінгінің нарқын ұғады», – деген болатын Ғабит Мүсірепов ағамыз. Халқымызда бұрыннан бар әдет-ғұрып, дәстүрді мүмкіндігінше орыстанған ата-ана мен жастарымызға үйреткеніміз жөн. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі бір ғана бала тәрбиесіне байланысты кәде-жоралғыны айтып тауыса алмайсыз. Мәселен, өмірге ұрпақ жалғасы – нәресте келгендегі ел қуанышының жарқын көрінісі – сүйінші, көрімдік сұрау, байғазы беру өте жарасымды дәстүрлер түрі! Сол перзентке арналған шілдехана, балаға ат қою, бесікке салу, бесік жыры, бесік тойы, нәрестені қырқынан шығару, тіл ашар, тұсау кесер, атқа мінгізу, сүндет тойы – осының барлығы халқымыздың тот баспайтын асыл да алтын қазынасы – салт-дәстүрі.

«Қошқар болар қозының маңдай алды дөң келер, азамат болар баланың етек-жеңі кең келер» деген аталық сөздер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені ұрпақ – болашақ. Оны әбден түсінген халық: «Балаңды беске дейін патшадай күт, он беске дейін қосшыңдай жұмса, он бестен кейін құрдасыңдай сыйла» деп бүкіл тәрбиелік тағылымды үш-ақ сөзге сыйдырады. «Патшадай күт» дегені – қамқоршы бол, өсір, мәпеле, жас шыбықтай баулы дегені, «қосшыңдай жұмса» дегені – жәрдемшің ет, жұмысқа сал, буынын бекіт, еріншектіктен аулақтат дегені, «ал құрбыңдай сыйла» дегені – балаңа ес кірді, ақыл иесі болды, енді оның отау құруы жағын, оның да түбі өзіңдей ұрпақ қамқоршысы болатынын естен шығарма дегені. Ал осы ұлағатты сөзде ұрыс, ренжіт, қорқыт еңсесін түсір деген бірде-бір сөз айтылмайды. Қазақтың ұрпақ өсіру пәлсапасы, міне, осындай даналық қарапайымдылыққа құрылған.

Табиғатқа иелік етер күші болса да, адамды өзге тіршілікпен тең ұстаған да – қазақ. Бесіктегі қимасына «асқарым, асқағым» деп емес, жан-жануарлармен, жәндік атаулымен тағдырластығын мойындатып: «құлыным, ботам, қошақаным» деп еркелету де, шыбынға да қиянат болмасын деп, «шыбыным» деп айналу да алдымен қазаққа тән. Бүкіл болмысы, шыбын жаны перзентінің үстінде болған қазақтың баласын шамадан тыс тойындырып, отбасы ошақтың түбінде қорғаштағаны да ешбір тарихта жоқ. Жеті жасар айдарлысын жауға аттандырып, он бесіндегі ұлына ел басқартқан халықпыз.

Қазақ халқының өмірінде бала тәрбиесі тек қана жеке отбасының ғана мұраты болып қалмаған. Халқымыз ұрпақ болашағын ежелден ортақ мүдде деп санаған. Сондықтан нәрестенің дүниеге аман-есен келуіне оны өмірге әкелер әке-шешесі ғана емес, ата-енесі, ағайын-туыс, ауыл-аймақ болып қамқорлық жасап отырған. Нәрестеге қамқорлықты анасының бойына біткенін сезген күннен бастап қолға алып, жас келінді жүктілік кезеңнің қыр-сырымен таныстырып, оның бойында болатын белгілер мен өзгерістер туралы түсінік беруден бастаған. Мұндай ақыл-кеңестерді көп балалы аналар мен әжелер жас келіннің енесі өткізетін «Құрсақ тойында» айтатын болған. Олар өз тәжірибелерінен мысалдар келтіре отырып, іштегі баланың қанша айда қимылдап-қозғалатынын, бұл кезеңде ауыр жүк көтермей, бойды таза ұстап күту керектігін, қандай тағамдар ішу керектігін айтып, нәрестенің ана құрсағында дұрыс дамуына ықпал жасап отырған. Тойға жиналған әйелдер мен қарт аналар шашу шашып, келінге баталілектерін айтып, әрі қарай ән шырқап, өлең-жырға ұластырып, болашақ ананың көңіл-күйін көтереді. Осылай «Құрсақ той» дәстүрі, бір жағынан, жас келін үшін ағартушылық қызмет атқарса, екіншіден, оның өмірге әкелер ұрпағының үй ішіне, ағайын-туыс, ауыл адамдарына үлкен қуаныш сыйлайтынын сезіндіреді. Мұндай ынта-ықылас пен ілтипат, өзіне аударылған жылы көңіл мен қамқорлықты сезінген жас келіннің бойында қорқынышы басылып, қуаныш сезімі пайда болады, сонымен қатар балаға деген сүйіспеншілігі артады.

Аяғы ауыр әйелдердің ашу-ызадан аулақ болып, көңіл-күйінің көтеріңкі жүруі іштегі нәрестенің жан құбылыстарының дұрыс дамуына көп әсерін тигізетіні туралы болжамдар көп. Ақ жаулықты әжелер іштегі баланың дұрыс дамуына пайдалы сыртқы әсерлерді ұйымдастырған. Мысалы, жүкті кезеңде әйел-аналар құлаққа жағымды, жүрекке жылы тиетін ән-күйлерді тыңдап, тауға қарау, табиғаттың әсемдігін қабылдап, жақсы әсерлер алуы керек дейді. Бұл болжамдар ғылыми тұрғыда қазір дәлелденгенімен, әлі туылмаған балада сезімталдықтың бар екенін қазақ ертеректе-ақ білген. Мұны анасы қимыл-қозғалыста болғанда іштегі баланың тыныштанып қозғалмай қалатынынан, ал анасы тыныш күйде болғанда баланың аяқ-қолын қимылдата бастауынан байқауға болады. Сонымен қатар, іштегі нәрестенің қарапайым көру және есту сезімталдығының болуы анасының сөздерінің әрбір дыбысы мен жүрегінің соғысын естіп, сырттан келген дыбыстарды қабылдай алуы барлық балаларға тән қасиет екенін де қазақ біліп мән берген.

Нәресте өмірге келгенше келіннің аналық сезімін ұшқырлап, оған нәзіктік пен мейірімділік, аналық қасиеттерін дамытады, «кіндік шеше» белгілеу салтын да жасайды. Оның мәні — ең алдымен нәрестені өмірге аман-есен келтіріп, ана мен баланың алғашқы күндерінде қажетті көмек көрсетіп, бірге болуын қамтамасыз ету болса, екіншіден, халқымыздың «бала кіндік шешесіне тартады» деген сеніміне байланысты бала тәрбиесінде сол адамның мінез-бітіміндегі жақсы қасиеттерін үлгі ретінде ұстану, үшіншіден, нәрестенің екінші анасы ретінде көңілдері қалаған адаммен туыстасу.

Аяғы ауыр ананың босанып, дүниеге нәрестенің келуі туған-туыстар, дос-жарандар, көрші-көлең және т. б. қуанышына айналады. Бұған лайықты салт – «шілдехана күзеті» дастарқаны жайылады. Осы жерде мал сойылып, жаңа босанған келінге жас сорпа ішкізумен байланысты «қалжа сорпасы» атты дастарқанға да кісілер шақырылып, бата беріледі. Шілдеханаға жайылған дастарқан тағамдарынан босанған әйелдің өзіне тиісті арнайы үлесі, ырым, жоралғылары, сыбағасы беріледі.

Ең маңызды дастарқандардың бірі — ауылдың құрметті ақсақалдарын жиып, нәрестеге ат қою дастарқанын жаю. Бұл дастарқан рәсімі салтанатпен өткізіледі. Нәрестеге ат қою құқына ие болу — аса құрмет. Ат қою салтын көбіне отбасының болашағына арнап жасайды (ат қойып, айдар тағу сияқты).

Келесі бір елеулі дастарқан — баланы «бесікке салу» дәстүріне арналады.

Нәрестені қырқынан шығаруға арналған дастарқан халық ырымына сай қатерлі қырық күннен баланың жанын, тәнін тазартып алуға жайылады. Бөтен үйде жайылған дастарқаннан «дәмету асы» да үрдіске айналған нәрсе, бірақ бұл кезеңде оған аса мән берілмей келеді.

Бала дамуының келесі бір көрінісі — еңбектеуге талпынып, бейімделуі. Бұған арнап көрші-қолаңдарға «баланың бауырынан табақ алу» ырымына арналған дастарқан жасалады. Онан соң бала қаз тұрып, жүруге талпынады. Бала жүрісінің тез қалыптасып, табиғи дамуымен сәйкестілікте болуы үшін «тұсау кесер» тойы жасалады. Қарап отырсақ, жоғарыда баяндалғандай, бала дамып, өскен сайын азаматтық қасиеттерінің көрініс беру кезеңдері айқын белгіленген.

Бұдан халқымыздың бала тәрбиесі жөніндегі қалыптасқан тәжірибесі, үлкен өмір мектебі бар екенін көреміз. Бұларды күнделікті қарапайым өмірдің күйбең тіршілігінің деңгейінде қарауға болмайды. Қазақта бала дамуының кезеңдік жүйесінің ғылыми негізі ертеден-ақ халық өмірінде айқындалып, бекігендігін де көреміз.

Ер баланың өсіп жетілуінің кезеңдік бір белгісі — сүндет тойы. Ол той дастарқансыз өтпейтін болған. Олай болса, оның өзіне тән жөн-жоралғылары, салты бар.

Одан кейін жеке сөздерді айту қуанышына арнайы «тілашар» дастарқаны ұйымдастырылып, кішігірім той өткізілген. Мұнан әрі тіл үйрету, ақылойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке үйрету, адамгершілік қасиеттерді сіңіру бағытында нақты мазмұнды іс-әрекеттерге тәрбиелеген. Бұл кезеңдерден өткен бала өмірінде әлеуметтік ортадағы ұстанымы өзгеруіне байланысты таным өрісі кеңейеді, ана тілін жетік біліп, ар-ұятты, қажыр-қайратты, намысты болып өседі.

Бүгінгі күні ата, ене, ана тәрбиесіндегі озық дәстүрлерге салғырт қарап, мән бермеуіміз адамдық қадір-қасиетімізді кемітіп, ұлттық санасезімімізді, рухани байлығымызды – ана тілімізді жоғалтуға себепші болды. Ана тәрбиесі мол мейірімділікке тәрбиелейді. Ата тәрбиесі ата-тегін білуге, қонақ күтуге, алыс-жақынмен достық, жолдастық қарым-қатынаста болуға, сөз тыңдауға, өзіндік ой-пікір, қорытынды жасауға, дербес өмір сүруге, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейді. Ене мектебі ерін сыйлауға, үй ұстауға, баланы өсіру мен ата-анаға, үлкенге ізет-құрмет, кісіге ілтипат көрсетуге, жомарттыққа, көрегенділікке береке-бірлік,

жақсы қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Осы орайда ұлттық дәстүрге байланысты қонаққа, мәселен, соғым басына, уызға, ерулікке шақыру, алыс сапарға аттанарда «жол аяқ» жасау, үлкен адамдарға жылына бір рет «сыбаға» беру, қонақты шығарып салу сияқты сауықшыл, ырымшыл, түрлі салт-дәстүрлерді халық ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде үйретіп, мейірімділік тәрбиенің бір саласы деп санаған. Яғни ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып ерекшеліктері адамның дүниеге келуі мен өмірінің әр кезеңіндегі түрлі оқиғаларға байланысты туындаған (2-кестені қараңыз).

Осы салт-дәстүрлердің барлығы ұлттық мінез-құлық жүйелерін реттеп, қалыптастырады (3-кестені қараңыз).

Мұнымен қатар қазақтың басқа да көптеген халықтық әлеуметтік салт-дәстүрлері бар. Мысалы, қазақ аққуды, сарыала қазды, бұлбұлды және жалғыз жүрген құсты ауламайды, атпайды. Өйткені бұларды киелі құс деп есептейді. Ымырт кезінде жатып ұйықтау – қатер. Өйткені бұл мезгілде жарық пен қараңғы, бақ пен сор, өлім мен өмір ауысады. Ымырт кезінде жатқан адам ауруы мүмкін деп ырымдайды.

Толарсақты толғағың қатты болады деп келінге бермейді. Миды былжырап кетесің деп балаға жегізбейді. Басты елге бас-көз бол деп кәріге береді. Бүйректей сүйкімді бол деп балаға береді. Бауыр мен жүректі бауырмал болсын деп балаға береді. Шешен бол деп тілді қызға береді. Әнші бол деп таңдайды балаға жегізеді. Мысалы, ұлттық тағамдарды даярлау, сыйлы қонағын ұлттық тағаммен сыйлау да ұлттық қонақжайлықты көрсетеді. Және ол әр ұлттың өзіне тән тағам даярлау ерекшелігінің мақтанышты белгісі болып табылады. Мысалы, өзбек қонағын палау-мен сыйласа, қазақ ет асымен, ұйғыр манты-лағманымен, татарлар пәрәмішімен сыйлайды. Қазақ шайды каймағы бар қою сүтпен баптаса, қалмақ, ұйғырлар май, тұз, ұн салып береді. Неміс халқы кофе қайнатып береді. Міне, осының бәрі – тағамды берудегі ұлттық аса ерекше дәстүрлер.

Ата-бабаларымыз баладан жеті атасын, жеті жетіні, т.б. білуді талап етумен қатар, елдің қорғаны, халқының қамқоры ер жігіттің он бір жа-уын атап, одан аулақ болуды ескерткен, жеті жетіге тиіспеуді, алты ұқсамасты білуді, қырық бірге жұғыспауды үйреткен. Ала нәрсені жаман-ға жорып, ұрпағын одан сақтандырған (4-кестені қараңыз).

Осындай нәрселер бар жерден қазақ ат-тонын ала қашқан. Себебі, аланың кесірі ауыр деп есептейді. Соның ішінде мына алты аланы ерекше ескертеді.

1. Ала арқан жолға кесір, онда ауыр қиянаттықтың белгісі жатады. Адал адамдардың біреу-дің ала жібін аттамадым деп ант етуі содан қал-ған. 2. Ала аяқ. Бұл тым қу, алдамшы, айлакер, залымдардың мінез-құлығы ретінде қаралады. 3. Алапес – жазылмайтын жаман ауру. 4. Ала бұлт. 5. Ала құйын. Бұл екеуі мінезі құбылмалы, екі сөйлейтін, екі беткей, қабағы қатулы жүретін жаман мінezділерге тән деп ескертеді. 6. Ала ауыз – береке-бірлікке, татулыққа іріткі салып, ауыл-аймақты бүлдіретін жаман нәрсе деген.

Халқымыз адал өмір сүрген адам нақақтан қорланып, жазықсыз жазалана қалса, «Ол өмірде біреудің ала жібін аттамаған» деп ақтап, реніш білдіріп жатады. Бұл тұрақты тіркестің астарында қандай сыр жатыр? Тіршілік бар жерде адамдар арасында өкпе-наз болмай тұрмайды. Ел арасы қаншалықты тыныш дегенмен, бұрын ру ішінде, ауыл арасында кикілжің, араздық жиі ұшырасатын. Сондықтан да қазақ халқының тіршілігінде мал, құн, қыз, жесір, жетім даулары ешқашан үзілмеген.

Осындай даудың ақ-қарасын анықтап, әділ шешімін беру – ауыл ақсақалдарының үлесіне тиетін. Бұл дәстүр Президентіміздің Ақсақалдар- мен кеңесуінде өз жалғасын табуға бет бұрды. Егер дау үлкендердің сөз тоқтамымен түйінделіп, шешімін таппаса, даугерлер биге жүгінеді. Дау-шарға төрелік айтып, қазылық құру үшін болған отырысты дау жиыны дейді. Дау мәселесі өте маңызды болса, бір мал құрбандыққа шалынып, жиналғандар қолдарын қанға малып, тілек-дұғалар оқылады. Салт бойынша дау соңында қарсы жақтар ала жіп алып, оны керіп отырады, осы ала жіп ортасынан шарт кесіледі. Бұл ғұрыптың орындалуы даудың аяқталуын, қарсы жақтардың мәмілеге келуін, қазылыққа разылығын білдір-ген. Егер ала жіп кесілмей тарқаса, даугерлер үкімге разы болмағанын, жанжалдың әділ шешімі кейінге қалдырылды дегенді білдірген.

Ала жіпті міндетті түрде қара-ала киім киген сыйлы әжелер кесетін болған. Сондықтан хал-қымыз ала жіпті құрмет тұтқан, аяқасты тастап, оны аттамаған. Бұл қазақ халқының әйелге, анаға деген құрметін, өзінен кемітпей тең ұстағанын, қазіргі гендерлік саясат деп шетелге жүгініп, үйреніп жүрген, жәй қазақта ау бастан болғанын аңғартады. Оған дәлел: «Жауда жүрсе ат ойнат-қан батырым, үйде жүрсе құрт қайнатқан батырым». Бұл




мақал-мәтел ер-азаматтар әйелге көмегін үй-ішінде үнемі көрсетіп отырғанын аңғартады.

Қосымша дәлел: күрделі мәселе шешерде, азаматтар қабырғаммен ақылдасайын, уақыт бер деген. Яғни үйдегі әйелімен ақылдасып шешуді жөн көрген.

Үшінші дәлел: қандай дау-дамай ер азамат арасындағы, егер әйел ақ орамал тастаса, дау доғарылып достасқан.

Төртінші дәлел: қазақ ақын-жазушылар сөзді нақты жеткізе алмайтын жерде, сырды, көңілді, мінезді, әрекетті, ақыл-ой, тәрбиелілікті т. б. дәстүрлі әдептерді, халықтың дәстүрлі ізет өлшемдері қыз-келіншектер тұрғысынан сипаттайды.

«Тоғжанның әр ісінің, барша қимыл-қозғалысының, тіпті қас-қабақ шырайы мен көз нұрының бәрінің де әдептен озбай, жүректе ғана тербеліп, жүректен ғана қозғалып тұрған таңғажайып тұнық ажары елес береді. Тоғжанның Абай үшін алып шыққан торғын көрпені кеудесіне көтеріп, бауырына қысыңқырап тұрған бір ғана көрінісінің өзіне жазушы сөзбен сипаттап жеткізіп болмайтындай мөлдір сезім дарытады».

Қазақ қыз тәрбиесіне үлкен мән беріп, қызығын дүниенің қыздан көріп, ата-анасы үйде отырып сүйінген. Әр нәрсеге мән беріп, қалт жібермейтін көрермен зерделі халқымыз сұлудың көркі шаш, ал шаштың көркі шаштеңге деп бағалаған. Қазақтың ұлттық дәстүрі бойынша мәдениетті, әдепті, тәрбиелі қызды шашы мен бет-жүзіне қарап бағалаған. Әйел шашы қолаң шаш, сүмбіл шаш, оның әр талын «жібектей» өрілген бұрымды «білектей, жыландай» деп атаған. «Қолаң қара шашы бар жібек талды» (Абай). «Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл

3-кесте




иек» (Ақан). «Сылдырлап алтын шолпы, иықта шаш» (Міржақып). «Ша- шыңды бояй алсаңда, басыңды бояй алмайсың» (М. Әлімбаев).

Қазақ халқы шашты жоғары бағалап, киелі санаған: «шашыңды қима», «шашыңды отқа тастама, шашыңды жайма», деп тыйып отырған. Тіпті, шашың қыйылсын, кесілсін деген қарғыстар да болған. Шашты кессе, бақыты кесіледі, шашын көзіне түсірсе (челка) қитар боласың, «Шаш адам көркі» деп оның қасиет, киелігін көсету үшін, «Шашбаулы», «Шаштеңге», «Сырға-лы», «Қара шаш», «Алтыншаш» деп ат қоюында да сұлу сырмен үлкен мән жатыр. Шашты күнге күйгізбей, таза ұстап, шаң-топырақтан сақтау үшін әр түрлі, түсті матадан басқа жабатын сәндік бұйымдар да жасаған. Оны әркім өз қалауынша пайдаланған. Міндеттеп зорлық-зомбылық болмаған. Тіпті халықтың қылмыс заңында кім де кім әйелдің шашын кессе, оған айып тағылып, ол дене мүшесін кескендей жазаланып, үлкен айып төлеген. Егер әйелдер өздері әдепсіздік (қылмыс) жасаса олардың шашын кесіп жазалаған. Бұл жаза өліммен тең саналған. Сондықтан ер жеткен қызды оң жаққа отыртып әже, жеңгелері «шаштарын он күн тарап, он күн өрген» деген сөз қалған. Шолпы, шаштеңге тағу мәні қыздар мезгілсіз жүрсе, оның сыңғырынан

4-кесте




аналары, не жеңгелері біліп, тыйып отырған. Сонымен бұл қазақ қызына «қырық үйден тыю» деп көзінің ағы мен қарасындай қорғаштап, баптап баққан. Мысал: «Шай ішіп самауырыннан сәске түсте керіліп әзер тұрған төрінен қыз». Осыларды ақын ағамыздың шумағымен тұжырымдайын:

Ойлы әлемнің әйелдерсіз күні бар ма көксеген.
Әйтсе де мен әйелдерге ұқсас еркектерді жек көрем.
Еркектерге еліктеген әйелдің де аз табары,
Иә, әр жыныс өз мінезін сақтауменен бағалы

(*М. Шаханов*).

Сондықтан болар қазақта арнайы жеке ұл және қыз тәрбиесі болған. Кез келген халықтың өсіп-өркендеуі болашағына байланысты. Халық даналығы бұл туралы «Адам ұрпағымен мың жасайды» деп тұжырымдайды. Мәңгі жасағысы келетін халық, атадан балаға ауысатын қарашаңырағындағы салт-дәстүрді көзінің қарашығындай қорғап, бұлардың үздіксіз өркендеуін үнемі қалт жібермей қадағалап отырады.

Егер бүгінгі ата-аналар да осы ата-баба сара жолымен жүріп, салт-дәстүрін мұқият сақтап, ата мен әке, әже мен шеше өз ұрпағына көз болып әр жаман нәрселерден дер кезінде тыйып отырса, нашақорлар, ұры мен баскесерлер, орыстанған ұл мен қыз, тастанды бала (жетімдер үйі), тастанды ата-ана (қариялар үйі) жеңіл жүрістегі қыз (көбе-

лектер) болмас еді. Қазақ-бабаларымыз айтқандай «Тәртіп бар жерде, табыс бар». Ендеше жастардың демократия – бостандық дегені әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес. Ол деген әрбір азаматтың өз еліне деген тәуелділік сана-сезімі, ұлттық намысы, мақтанышы. Халқын құрметтеген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің сеніміне, мақсат, мұратына айналдыра алады. Отаны үшін бір қасық қаны мен шыбындай жанын да қияды. Бостандық деген – туған елімен, жұртымен ата-анасымен (отбасымен) қандай жағдайда болсын бірге болу, соның көркейіп өсуіне қызмет ету.

Қазақ дәстүрінің бүгінгі күні егеменді қазақ елінде кең өріс алып келе жатқаны өзіміздің айтыс. Айтыс – екі адамның сөз өнерімен жекпе-жекке шығуы. Айтыс мазмұнында адамның, қоғамның, қоршаған ортаның артық-кемшіліктері жыр етіледі. Айтыста ақын ойлау қабілетіне, тіл өткірлігіне байланысты жүлдеге ие болады. Айтысушылар өз елінің, жерінің намысын қорғауға шығады. Айтыс бірнеше түрге бөлінеді: қыз бен жігіт айтысы, өтірік өлең айтысы және әлеуметтік тақырыптардағы айтыстар. Айтыста ақындар өз тыңдаушыларының ой-өрісімен санаса отырып, өз ой-пікірлерін солардың ұғыну дәрежесіне қарай лайықтап беріп отырған.

Салт-санамызды, дәстүрімізді қайта жаңғыртып жатқан бүгінгі күнде өте қуантатын жәйт бата туралы неше түрлі жеке кітаптардың шығуы. Қазақта батаның әр салаға арналған түрлері көп-ақ. Мысалы:

1. **Жас нәрестенің шілдеханасында берілетін бата**

Нәрестенің бауы берік болсын,  
Ата-анасына серік болсын!  
Азамат болып ер жетсін,  
Ақсақал болып төрлетсін.  
Азамат болсын көрікті,  
Ғұмыры ұзын берікті,  
Қолқанаты көп болып,  
Артынан ерте берсін серікті.  
Азамат болсын ардақты,  
Мінезі болсын салмақты,  
Өнері болсын жан-жақты,  
Осы айтқанның бәрі келсін.  
Алла берсін зор бақты,  
Аллаһу әкбар!..

2. **Тұсау кесерде айтылатын бата:**

Жас ұрпақ өмірлі болсын,  
Тұрмысы көңілді болсын.  
Ата-анаға мейірлі болсын,  
Ағайын-туысқа пейілді болсын.  
Өнеге-білімге зейінді болсын,  
Он саусағы майысқан шебер болсын.  
Ел қорғайтын батыр болсын,  
Шындықты айтар ақын болсын.  
Халқым деген жүрегі болсын,  
Жұртының қамқор тірегі болсын.  
Абыройы өрлесін,  
Жаманшылық көрмесін!  
Әумин!

3. **Қызға бата:**

Еліңе елеулі бол,  
Халқыңа қалаулы бол.  
Ата-енеңе жағымды бол,  
Қайнаға, қайныңа қайырымды бол,  
Ауылыңа айбарлы бол,  
Күйеуіңе жайдарлы бол.

4. **Ұлға бата:**

Айналайын дарын бол,  
Сөнбейтұғын жалын бол.  
Қатардан асқан ақын бол,  
Не болмаса ғалым бол.  
Халқың үшін қызмет қыл,  
Тамам жұртқа мәлім бол!

5. **Дастарқанға, жас келінге бата, т.с.с.:** Қазақ келіндері де сөзге шебер болған. Оны мына сынақ-ойын сұрақтан байқауға болады. Атасы келінін сынайын деп: «Мен өлсем қалай жоқтайсың?» – деп сұрапты. Атасына жауап ретіндегі келіннің жоқтауы:

Астындағы тұлпарға  
Жалын сипап жем берген.  
«Қорғаймын» деп ел-жұртын  
Түзде жортып күн көрген.  
Қылығына сүйсінген,  
Кене мен Науан көргеннен.  
Түсірдің жауды шайқаста,  
Өткізіп найза өңменнен.  
Жан едің асқан мейірімді,  
Қасиетің зор еді, ел білген.  
Жесір менен жетімге,  
Қолында барын тең белген.  
Азды-көпті Үсенді,  
Көп Асанға теңгерген.  
«Солақай батыр» атағың  
Еліңде қалар өлгенмен... —

деп, аңырап, соза бастағанда: «Болды, болды, балам! Осы еді маған керегі, бүгін өліп кетсем де, балам, ырзамын», – деп батыр да келініне қосылып кемсеңдепті.

Ана жүрегін сезе біл, оның жанарындағы шапағат пен тыныштық, бақыт пен қуанышты, алаңдаушылық пен мазасыздықты, абыржу мен реніші көре біл. Егер сен бала кезіңнен ананың көзінен оның жан дүниесін көре білуді үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып қаласың деген де біздің ата-бабамыз.

«Жалғыз баласы бардың шығар-шықпас жаны бар. Екі баласы бардың, өкпе, бауыр, жалы бар. Үш баласы бардың Бұқарада пұлы бар», — деген халқымызда. Ал Еркенекті Саршуаш би осы ойды жалғастырып: «Бір баласы бардың бір ру елде малы бар. Екі баласы бардың екі ру елде малы бар. Үш баласы бардың үш ру елде малы бар. Төрт баласы бардың төбеден салған жолы бар. Бес баласы бардың дес бермейтін күші бар. Алты баласы бардың Алладан басқа несі бар», — дейді. Бабаларымыз отбасында бала көп болса, адамның өрісі ұзарады, олжа да, кіріс те мол болады деп, сол кезде-ақ көрегендікпен тұжырымдайды. Бүгін осы дәстүрді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жалғастыруда. Отбасындағы жағдай, көп балалы аналарға қамқорлық, жас аналарды көп балалы ана болуға баулу т. б. куәсі болып жатырмыз.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда, төрінің тарлығынан көсілгенде сирағы сыртқа шығып кетсе де, Жиренше шешен: „Айқай, менің боз үйім, ақ сарайдай өз үйім», — деп жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Алайда бала онда ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен шешенің жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп, іс жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр талап ететін жолдарында үйренуге тиіс. Соның бірі — үлкендердің ақыл-кеңесі, өсиеті. Мұны жай ақыл айту, құрғақ насихатшылдық, кәрілердің кәдуілгі әдеті деп қарау — қате. Онда бала жақсы бірдеңеге үйреніп қалсын деген ниет қана емес, үлкен өмір тәжірибесі, жастығына байланысты олар жете мән бере коймайтын құнды сабақ бар. Соны құлаққа іліп, зердеге түйіп өскен жастан көп жақсылық күтуге болады. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», — деген кемеңгер Абай. 13 жасар шәкірт бала – Абай жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жетіп, аттан түскен бетте амандасу үшін шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй, балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып сәлем бер»! – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түйсінген жас Абай шарт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отыр.

Өзінің өмірбаяндық туындыларында ұлы Бердақ та қарттардың кеңесін жоғары бағалағанын көреміз: «Қарттың сөзі ақыл кілең, қадірі жоқ надандарға. Бір қарт айтса әңгіме, тәңірдей ұйып, қойдым құлақ».

Пифагордың айтқанына сүйенсек, екі түрлі іс-әрекеттен адамның бейшаралығы және дәрменсіздігі байқалады: Біріншісі – пайдасыз іс жасау және ол туралы көп әңгімелеу. Екіншісі – өзінен сұралмаған іс жайлы көп әңгіме шерту».

Ғұлама Абай баланың бойына алты асыл қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген. Олар: 1) зерде-зейін; 2) өнер-өріс; 3) тап-қырлық, талап, ерлік; 4) жігер-күш; 5) қайрат қару; 6) білім. Міне, осы алты қасиетпен қатар үш асыл мінез: 1) елі мен туған-туыс, жұрағат-жекжат, дос-жолдасқа адал болу; 2) өте әділетті болу; 3) шындықты тура бетке айтуды атап көрсеткен.

«Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат» – делінген (Муошарат одоби. «Мийрас» баспасы, 1991, 5-б.).

Білімпаз Ризауддин Ибн Фахруддин «Әйелдері тәрбиелі болған халық тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық тәрбиесіз. Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талапты болса, халық бай; ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық пақыр, кедей болады», – деп бекер айтпаса керек.

Атасының ақылы, әжесінің мейірімі, әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы балалардың жан дүниесі толық қалыптасады. Олай болмаған жағдайда парықсыздық, рухани жүдеулік және ізет-инабаттағы кемістік баланың өсіп – өркендеуі мен дамып-нығаюына негіз қалап, жол сілтейтін білімнің беделін түсіріп, оған деген қызығушылыққа қатты нұқсан келтіреді. Соның салдарынан қоғамдағы адамның экономикалық және азаматтық мәртебесі – білім, мәдениет деңгейі де өлшеусіз құлдырайды. Білім иелері болған ғалымдар мен ұстаздардың, конструкторлар мен инженерлердің, дәрігерлер мен басқа да көптеген мамандардың беделі кемиді. Тіпті жоғары оқу орындары тек қана өз ойы, өз пікірі жоқ, айдағанға көніп, айтқанмен ғана жүретін ыңғай тапқыштарды даярлап шығуға бейімделе бастайды. Ұлттық дәстүрлерді насихаттауды айып санайды. Ол адамға және қоғамға зиянын тигізетін, тыныш өмірдің береке-бірлігін кетіретін, тек қайғы-қасірет қана әкелетін, отбасылық дәстүрлі қарым-қатынастарға қатты

нұсқан келтіріп, ұрпағымыздың сана-сезімін төмендетеді деп ескерткен дана бабаларымыз. Осы орайда білімпаз даналарымыз се-зімнің түрлерін де атап кеткен: «біреуі – қуат, екіншісі – әрекет, үшіншісі – рухани сезім. Ұлттық сана-сезімі төмен жастар ұлттық түп тамырын, тегін ұмытып, әке-шешесін аңыратып, ат ізін салмай, анда-санда ақша жібергенін өздерінің перзенттік борышын өтегендік деп санайтындар да пайда бола бастады, тіпті жалғыз басты қарттарын кәрілер үйіне өткізіп, оны өздері қуаныш санап, өлгенде жерлеуіне келмей қоятындар да бар. Құдайдан жатпай-тұрмай бала сұрап, оны дүниеге әкеліп, оны азаптанып өсіріп, енді соның қызығын-қызметін көре алмай, тірідей суынып, қайрылмай кеткен баласын аңсай-аңсай дүниеден көшкен кәрі әке-шеше қайғысынан артық қайғы бар ма? Ұлы Абайдың: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік», дана Мақтымқұл да: Жақсы перзент – сүйеніш, Жаман перзент – күйініш, – дейді. Екі бірдей ұлы адамды тебірентіп, ортақ ой айтқызып отырған нәрсе – өмір шындығы екені анық. Сондықтан да Пре-зидентіміз осы мәселеге бүгінгі күні өте үлкен назар аударып отырғанын қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі ереже-талабы ата-анасы баласымен бірге тұрып, жүзбе-жүз отырып әңгімелесіп, мейірін қандыруды, баласын, келіні мен немерелерін көріп, көңілдері көншуін, олардың сый-құрметін көріп, тәңірге шүкіршілік етуіне толық жағдай жасауын баласынан аманат деп қана емес, заң жүзінде талап етсе, отбасы ошақ қасы түзелер еді.

Балаларының ұрысқақ, жанжалқой, дөрекі-лігі әке-шешенің жатса-тұрса жадынан шықпайтын қаупі, азабы болады. Ондай ата-аналар үнемі алаңдаумен күн кешіп, қабақтарынан кірбің кетпейді. Олардың жанына өте-мөте бататыны – әлпештеп өсірген ұл-қызының ата-анасын адам деп елеп, олардың ауру-сырқауын, қам қайғысын бір сәт те болса қаперлеріне алмайтыны.

Бұған қарама-қарсы, еңбекқор, кішіпейіл, жарқын мінезді болып өскен ұл-қыз ата-ананың қас-қабағына қарап, хал-жағдайларын айтқызбай аңғарып, ішіп-жем, киім-кешек, ұйқы-демалысын қадағалап, сәл нәрсенің өзінен олардың көңілін тауып, мерейін өсіреді. Ата-ананың сөзін сыйлап, құлақ асу, пікірлес болу отбасы тіршілі-гінің берекесін өсіріп, нұр шашып, бақыт әкеледі. Осылай ата-анасының жүрегін елжіретіп, мерейін өсіріп, өз ортасында үлгі-өнегесімен төрден орын алады, ел қамын жеген ер атанады, мәртебесі өсіп, дәрежесі көтеріледі – қандай ғанибет. Ал кері-сінше істеу – қандай жауыздық, қанықпезерлік! Осы орайда Алпамыс жырындағы:

> «Ақ сүт берген ананың
> Балада хақы көп болар.
> Ана деген мейірлі,
> Сыйлай гөр, балам, анаңды», –

дейтін жолдарында халықтың Ана алдындағы баланың парызы туралы көзқарасы тұжырым-далған және оның ежелден келе жатқан адамшылық дәстүрлі заңы, талабы екенін ескертеді.

Бала – ата-ана үшін ең үлкен байлық, өмі-рінің жалғасы. Ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар – ұлттық тұлғаның ұлттық өзіндік сана-сезімінің даму деңгейін, оның тәжірибелік сипатын көрсететін, адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтитын, белгілі ұлттың өзіне тән ерекшелігі жөнінде өте мәнді мағлұматтар бере-тін білімнің жүйесі. Оларды ұрпағымыздың жан дүниесіне сіңіруіміз бүгінгі күннің өзекті, кезек күттірмейтін ісі болуы қажет-ақ.

«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ», — дейді Президентіміз Н.Ә. Назарбаев. (Қазақ әдебиеті, 1998, 27 наурыз). Әр халықтың өзінше дәстүрі бар. Қазақ дәстүрі жалпы адамды сыйлауға баулиды. Осыған ата-анасы үйретеді. «Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды. Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды, ол өле-өлгенше суынбайтын махаббат. Бұл қасиеттер әр адамның бойына ана сүтімен бірге сіңген, бүкіл қауымдық, отандық ұлы сипат, мыңдаған жылдар бойы сақталып келе жатқан ұлы дәстүр. Осы белгілі жайды қайта-қайта айтудан, жастардың құлағына құя беруден жалықпаймыз. Өйткені кәрілер кетеді, жастар қалады. Кәрілердің жағымды қылық, өнегелі істерін, жақсы дәстүрлерін жастар дамыта отырып, өзінен кейінгілерге табыс етуін арман етеміз. Өйткені оны халық жасаған, оны бұзушыны ешқашан сүймеген, аямаған халық. Көктемдегі жердей құлпыра өсіп келе жатқан жас ұрпақты көргенде қуаныш кеудеңе сыймайды. Ал солардың ішінен сөлекет бірдеңе көргенде, маңдайыңа тікен қадалғандай боласың. «Жақсы мекен салудан, қала салудан жақсы салт, дәстүр жасау қиынырақ. Жақсы дәстүр ұзақ уақытта жасалады, ұзақ өмір сүреді, кейінгілерге даңғыл жол болып қалады» (Ғабиден Мұстафин).

Қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізін құрайтын салт-дәстүрлерінің бірі — келін түсіру ғұрып-тары: құда түсу, қалыңдықты аттандыру, ақ отауға енгізу т.с.с. егеменді елде ұлттық көрініс беруде.

Қазақ халқының қоғамдық қарым-қатынастары белгілі әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған.



Ата-бабаларымыз өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болу арқылы нығайтатын болған. Оны «Қыз бала – дәнекер» деген әдемі әрі сыпайы ұғыммен түсіндірген. Құда түсу дәстүрінің өзі адамдар арасында құда болудағы қабылдау салттарын, қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауға, оның дәстүрлі талаптарын дұрыс сақтауға негізделеді.

Қазақтың бұл өнегелік қарым-қатынасы жігіт пен қыздың ата-аналарының әрекетінде сыйластық, сағынып қауышу, береке-бірлестікте өмір сүру, барды бөлісу, қуаныш-қайғыда ортақтасу әлі өз деңгейінде көрініс таппай келеді. Бұл да кеңестік дәуірдің үлгісімен орыстанған отбасында сақталмай, салт-дәстүріміздің ұмтыла бастағанының зардабы, көрінісі.

Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша азаматтың үш жұрты болады. Олар – ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Бұл үшеуі де жанашыр, сүйеніш, қорғаны болып саналады. Халықта «ағайын жұртың – күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың – міншіл» деген сындарлы сөз бар. Бұл тегін айтылмаған. Осы үш туыстық қатынаста «ағайын», «туыс», «ілік», «жамағайын», «жекжат», «жұрағат» дегендей туысты атаулары айтылады. Қазақтар үш жүзге, тайпаларға, руларға бөлінгенімен бірі-бірін бөтен санамаған. «Қарға тамырлы қазақпыз» – деп жақын тартып жүрген. «Сұраса келе қарын бөле шығамыз» деп аты-жөнін, іліктік қатынасын да сұрастырып, біліп отыру дәстүрге айналған. Қазақта осындай туыстық, іліктік қатынастардың көптеген атаулары және оның соған лайық жол-жоралары да бар. Өкінішке қарай, кейінгі ұрпақтар ол дәстүрді біле бермейді.

Ата – әкенің әкесі, ел-жұрт «ақсақал» деп құрмет тұтады. Мұндай кісілер төрден орын алады, әрқашан құрмет көрсетіледі. Оның жолын кесіп өтуге болмайды. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дегендей, ақсақал – ел ұйтқысы, батагөйі, ақылшысы, қамқоры болып есептеледі. Жастар атадан бата алуға тиіс. «Аталы ел баталы» – деген мақал бар. Атаның айтқаны кейінгіге заң. «Ата – балаға сыншы» – дейді халық. Қазақтың дәстүрі бойынша сол елге, ауылға келген адамдар алдымен атаға сәлем беруді міндет санаған.

Әже – әкенің шешесі. Ел іші, отбасының бүтіндігін ойлайтын – ел анасы. Ол салт-дәстүрді сақтап, кейінгі жастарға отбасының, дастарқан берекесінің, абысындардың бірлігін сақтайтын тәрбиеші, әрі ақылгөйі, тілеуқоры деп есептеледі. Ұлы мен келіні әжесінің тапсырмасы мен өтінішін сөзсіз орындауы керек. Қазақ халқының заңы бойынша, әжені де, атаны да әрбір адам танысын, танымасын сәлем беріп, құрмет көрсетуге тиіс. Бұл кісілер тек өз ұрпақтары ғана емес, жалпы елге ата-әже болып есептеледі.

Әке-шеше, ата-ана – өзіңді өмірге әкелген ерлі-зайыпты адамдар. Әр ұл мен қыз ата-анаға мәңгі қарыздар. Ұрпақтары бұл адамдарды айрықша сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Оларға қарсы келуге, ренжітуге айтқанын орындамауға болмайды. Мұхамбет пайғамбардың хадисінде «ата-анасын ренжіткендерді Аллатағала «жақсы көрмейді» деген. Әсіресе, ананың жолы мүлде бөлек. Ананың киелі ақ сүті адам баласы үшін асыл да, қасиетті де. Ананың өз балаларына «ақ сүтімді ақтады» деуі үлкен баға.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деген халық. Атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман еткен. «Бір бала бар – жасық туады, бір бала бар – әкесінен асып туады» деп, халық, «жасық туған» баланы да жұрт қатарлы азамат болуға, «асып туған» баланың іс-әрекетін қуаттап, оны үлгі ретінде уағыздаған.

Қазақ дәстүрінде ата-анаға қызмет ету – борыш, ата салтын орындау – парыз, анасының ақ сүтін, әке еңбегін ақтау – қарыз делінген.

Көшпенді ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне қатысты жайттарды топтастырғанда да ғылым үшін аса маңызды жүйелілік мазмұнына ерекше мән берген. Осы айтылғанға орай жас буын тәрбиесін бесіктен (тіпті, құрсақта жатқан кезден) бастап бұларды ақыл-ой, имандылық, еңбек, көркемдік, сымбаттылық секілді сан салаға жұптастырған. М. Әуезовтің «Ел болу үшін бесігіңді түзе», деген сөзінің мән-мағынасына ой салсақ, тәлім-тәрбие ісін ұрпақ дүниеге келген күннен бастап, қазақтың озық ұлттық

рәсімдері мен тәлімдік тәсілдерін рет-ретімен жүйелі қолдана білуге үндейді. Өйткені салт-дәстүр деп екі әйел алып не онда жоқ, не мында жоқ боп, бала-шаға, әйелдері бет-бетімен кетіп, өз білгенін істеп жүр-гендер бос әуре, азғандық. Әйелге масыл боп, еркектік намысын жолғалтқан әкеден, еркектен ел қамын ойлайтын ұрпақ тарамайды. Олар да бір жапырақ нан үшін біреудің айдауында жүріп, айтқанын істейді. Ақыры бұзақы, нашақор, жезөкше боп шыға келеді. Отбасы бұзылса – ұрпақ та азады. Ұрпақ азса – ұлт тозады. Ұлт тозса – Отан мемлекет әлсірейді. Ақыры Ел болудан қалады.

Кімде-кім дәстүрсіз-ақ өмір сүрем десе, бұл – оның әдепсіздігінен туындаған бос қиялы, кеудемсоқ таяздығы ғана. Себебі қоғамның ғасырлар бойы дамуы барысында жасалған және оның өмір сүруінің шартына айналған салт-сана, дәс-түрден, әдеп-инабат жосынынан бас тарту ұлтынан безу деген сөз.

Дәстүрлер әлеуметтік іс-қимылды ретке келтіріп, тәртіпке түсіретін сара жол ретінде жеке адам үшін қандай қажет болса, оның өмір кешіп жатқан қоғамы үшін де сондай маңызды. Өйткені олар адамдардың іс-қимылын үйлестіріп, олардың тұрмысын көркейтеді, кемелдендіріп байытады, өмірлеріне жарастық береді. Адамның өзінің міндетіне жауапкершілікпен қарап, әдеп-инабат талаптарын адалдық қасиеттер ретінде бойына сіңіреді. Осылайша адамдардың жеке тұрмысындағы маңызды оқиғаларға жұртшылықтың кеңінен қатысуы сол адамға деген зор құр-метті көрсетеді, оның міндетінің маңыздылығына көз жеткізеді.

Ғасырды ғасыр алмастырып, адамзат баласының басынан небір қилы заман өткенімен, таулар аласарып, өзеңдер арнасын өзгерткенмен, ата-бабамыздың салт-дәстүрді қастерлеуі күні бүгінге дейін санамыздан өшпей, жүректе жаттанып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жетуі де жайдан-жай емес. Олар жаңа ғасырда да болашақ ұрпақты тәрбиелеу негізіне айналатын ұлттық идеологияның озық та өшпес, әрі таптырмас үлгілері болып қала беретіні анық. Сондықтан бұларды жастарымыздың пір тұтатын, қастерлеп, бағалап, табынатын, көзінің қарашығындай сақтап, мақтан ететін асыл мұрасы, алтын қазынасы екенін жадында сақтап, қастерлеуіне үйретуіміз қажет.

Сонда ғана Елбасы, Президентіміз айтқан елу өркениетті ел қатарына жетуіміз мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. *Қаратаев М.* Дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Ғылым, 1980. 1-кітап.



2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұр-сұлтан Назарбаевтың «Абай» журналының сауалдарына қайтарған жауабы. Тарих, тағдыр, тұлға // Егемен Қазақстан, 1997. 18 қыркүйек.

3. Қазақтың көне тарихы. Алматы: Жалын, 1993.

4. *Дәуіт С.* Төле би. Алматы: Жалын, 1993.

5. *Төрекұлұлы Н.* Қазақтың 100 би-шешені. Алматы: Қазақстан, 1995.

6. *Есламғалиұлы М.* Сан қилы сауал (ойтолғақ). Алматы: Ана тілі, 1995.

7. *Негимов С.* Шешендік өнер. Алматы: Ана тілі, 1997.

8. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. Алматы, 1976.

9. *Өсеров Н., Естаев Ж.* Ислам және қазақтардың әдет-ғұрпы. Алматы: Қазақстан. 1992. 99-б.

10. *Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.* Адамға қарай бет бұрсақ. Ежелгі грек философиясы туралы ой-толғаулары. Алматы: Қазақ университеті, 1992.

11. *Бюканов А.* Тарих тамыры – ғасырлар қойнауында. Алматы: Дәуір, 1998.

12. *Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.* Ой. Ақыл. Адамгершілік. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арнал-ған оқу құралы. Алматы: Білім, 1994.

13. *Хан Кене.* Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы: Жалын, 1993.

14. *Шақшақ Жәнібек батыр.* Алматы: Отау, 1993.

15. *Абылай хан.* Тарихи жырлар. Алматы: Жазушы, 1993.

16. *Шаймерденов Е.* Қазақ елінің рәміздері. Алматы: Балауса, 1993.

17. Ертегілер. Көптомдық. Алматы, 1988. 1-т.

18. *Аймауытов Ж.* Ақбілек. Алматы: Жазушы, 1989.

19. Халық қазынасы. Бабалар сөзі — даналық көзі. Жинақтаған Ораз Исмаилов. Алматы: Білім, 1996.

20. *Уәлиханов Ш.* Шығыс Түркістанға саяхат күн-делігі. Таңдамалы шығ. Алматы: Жазушы, 1980.

21. *Әуезов М.* Абай жолы. Алматы, 1990. 3-т.

22. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 26-б.

23. *Аспандияров С.* Қазақ тарихының очерктері. Алматы, 1935.

24. *Оразбекова К. А.* Иман және инабат. Алматы: Ана тілі, 1993.

25. *Құралұлы А.* Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы: Сөздік - Словарь, 1998. 108 б.

26. *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Ана тілі, 1994.

27. *Құдайбердіұлы Ш.* Қазақ шежіресі, 1997.

28. *Арын М.* Бес анық. Алматы, 1996.

29. *Муканов М. М.* О казахском устном творчестве: пословицы и «айтыс» в их отношении к трактовке интеллектуальной деятельности. Генетические и социальные проблемы интеллектуальной деятельности. II. Психология. Вып. IV. Алматы, 1975.

30. *Оразбекова К. А.* Ата-дәстүрі әдеп – болашақ игілігі. Алматы: РУМК, 1990.

31. *Оразбекова К.* Мінез-құлықтың қалыптасуы // Қазақстан мұғалімі. 1983. 3 июль.

32. *Оразбекова К.* Роль учителя в формирующем эксперименте. Материалы Всеоюзного съезда психологов.

33. *Оразбекова К.* Мотивационные аспекты учебной деятельности. Сб.: «Воспитание, обучение и психическое развитие». М., 1977.

34. *Оразбекова К.* О национальной психологии // Мурагер. 1994. №3.

35. *Оразбекова К.* Воспитание национальной психологии // Дәуір-Время. 9. 6.24.07.

*2.02.07ж. түскен*

Редакторы: *Т. Е. Каткова, Ж. М. Нургожина*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 17.04.2007.
Формат 60х88$^{1}/_{8}$. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
13,5 п.л. Тираж 300. Заказ 23.

Национальная академия наук Республики Казахстан
*050021, Алматы, ул. Шевченко, 28. Тел. 291-27-14*

М. О. САТКАЛИЕВА

# ЗАДАЧА КИНЕМАТИЧЕСКОГО СИНТЕЗА ПРОСТРАНСТВЕННОГО НАПРАВЛЯЮЩЕГО МЕХАНИЗМА V КЛАССА В ВИДЕ СИСТЕМЫ АЛГЕБРАИЧЕСКИХ УРАВНЕНИЙ

При исследовании и проектировании пространственных шарнирно-рычажных механизмов высоких классов широко используется многочлены. Рассмотрим задачу синтеза пространственного направляющего механизма V класса общего вида в соответствии с рисунком по четырем заданным положениям входного звена 1 и выходной точки $T$ звена 3

$$\varphi_{1i} = \varphi_1(t_i) \text{ и}$$

$$X_{Ti} = X_T(t_i),\ Y_{Ti} = Y_T(t_i),\ Z_{Ti} = Z_T(t_i),$$

$$i = \overline{1,4}. \qquad (1)$$

Для решения задачи синтеза кинематической цепи $ABCD$ механизма по заданным положениям выходной точки звена 3 ($BC$), в котором приближающая окружность точки $C$ радиусом $l_{CD} = l_{4\phi}$ с центром в точке $D$ звена 4 ($CD$) определяется как линия пересечения сферы с координатами $X_{D1}, Y_{D1}, Z_{D1}$ и плоскости, удобно использовать выражения взвешенных разностей [1]:

$$\Delta q = l_4^2 - l_{4\phi}^2, \qquad (2)$$

$$\Delta q_i = ax_{3Ci} + by_{3Ci} + cz_{3Ci} - 1 = 0, \qquad (3)$$

где $l_{4\phi}$ – расстояние между точками $C$ звена 3 и $D_1$

$$l_{4\phi}^2 = (X_{D1} - X_{Ci})^2 + (Y_{D1} - Y_{Ci})^2 + (Z_{D1} - Z_{Ci})^2, \qquad (4)$$

$a, b, c$ – коэффициенты уравнения приближающей плоскости; $X_{D1}$, $Y_{D1}$, $Z_{D1}$, $X_{Ci}$, $Y_{Ci}$, $Z_{Ci}$ – соответствующие координаты точек $D_1$ (центра сферы) и $C$ в абсолютной системе координат $OXYZ$ [2]. По условию синтеза координаты точки $C$ звена 3, которому принадлежат локальные координаты выходной точки $T$, в абсолютной системе координат $OXYZ$ определяются с использованием обобщенного метода символических обозначений преобразования координат в виде:

$$X_C = x_{3C}\cos(\varphi_1 + (\psi_2 + \psi_3)) + z_{3C}\sin(\varphi_1 + (\psi_2 + \psi_3)) + X'_C,$$

$$Y_C = x_{3C}\sin(\varphi_1 + (\psi_2 + \psi_3)) - z_{3C}\cos(\varphi_1 + (\psi_2 + \psi_3)) + Y'_C,$$

$$Z_C = y_{3C}\cos\beta_3 + Z'_C, \qquad (5)$$



где

$$X'_C = a_{2,1}\cos\varphi_1 + a_{3,2}\cos(\varphi_1+\psi_2),$$
$$Y'_C = a_{2,1}\sin\varphi_1 + a_{3,2}\sin(\varphi_1+\psi_2),$$
$$Z'_C = c_{21} + b_{21} + b_{32}\cos\alpha_{21}.$$

Для решения задачи синтеза представим выражения (2), (3) в виде системы алгебраических уравнений (САУ)

$$\begin{cases} l_1x_1 + l_2x_2 + l_4x_4 + l_5x_5 + l_7x_7 = a, \\ l_1x_8 + l_2x_9 + l_4x_{11} + l_5x_{12} + l_7x_{14} = b, \\ l_1x_1 + l_2\left(x_2c_2 - x_9c_9\right) + l_3x_3 + \\ +l_5\left(x_5c_5 + x_{12}c_{12}\right) + l_7\left(x_7c_7 + x_{14}c_{14}\right) = a, \\ l_1x_8 + l_2\left(x_9c_2 + x_2c_9\right) + l_3x_8 + \\ +l_5\left(x_{12}c_5 + x_5c_{12}\right) + l_7\left(x_{14}c_7 - x_7c_{14}\right) = b, \\ x_1^2 + x_8^2 = 1,\; x_2^2 + x_9^2 = 1, \\ x_3^2 + x_{10}^2 = 1,\; x_4^2 + x_{11}^2 = 1, \\ x_5^2 + x_{12}^2 = 1,\; x_6^2 + x_{13}^2 = 1, \\ x_7^2 + x_{14}^2 = 1. \end{cases} \qquad (6)$$

В качестве свободной неизвестной выступает $x_1$, а все остальные неизвестные $x_2, x_3, x_4, x_5, x_6, x_7, x_8, x_9, x_{10}, x_{12}, x_{13}, x_{14}$ – в качестве главных неизвестных. Определение главных неизвестных по свободной неизвестной соответствует задаче кинематического синтеза механизма V класса по заданным условиям синтеза (1). Отметим, что синтез геометрических параметров пространственного направляющего механизма V класса определяется через решения (6)

$$\begin{cases} x_{15}x_1 + x_{16}x_2 + x_{17}x_3 + x_{18}x_4 + x_{19}x_5 + x_{20}x_7 = a, \\ x_{15}x_8 + x_{16}x_9 + x_{17}x_{10} + x_{18}x_{11} + x_{19}x_{12} + x_{20}x_{14} = b, \\ x_{21}x_1 + x_{22}\left(x_2x_{23} + x_9x_{24}\right) + x_{25}\left(x_3x_{26} - x_{10}x_{27}\right) + \\ + x_{28}\left(x_5x_{29} - x_{12}x_{30}\right) + x_{31}x_6 + x_{32}\left(x_7x_{33} + x_{14}x_{34}\right) = a, \\ x_{21}x_8 + x_{22}\left(x_9x_{23} + x_2x_{24}\right) + x_{25}\left(x_{10}x_{26} - x_3x_{27}\right) + \\ + x_{28}\left(x_{12}x_{29} - x_5x_{30}\right) + x_{31}x_{13} + x_{32}\left(x_{14}x_{33} + x_7x_{34}\right) = b, \\ x_1^2 + x_8^2 = 1, \quad x_2^2 + x_9^2 = 1, \\ x_3^2 + x_{10}^2 = 1, \quad x_4^2 + x_{11}^2 = 1, \\ x_5^2 + x_{12}^2 = 1, \quad x_6^2 + x_{13}^2 = 1, \\ x_7^2 + x_{14}^2 = 1, \quad x_{23}^2 + x_{24}^2 = 1, \\ x_{26}^2 + x_{27}^2 = 1, \quad x_{30}^2 + x_{31}^2 = 1, \\ x_{33}^2 + x_{34}^2 = 1. \end{cases} \qquad (7)$$

Система алгебраических уравнений (7) получена из САУ (6), если положить в качестве неизвестных $x_1, x_2, x_3, \ldots, x_{34}$ геометрические параметры механизма V класса. К системе (7) следует добавить еще одно условие с учетом условия синтеза параметров механизма

$$P_n\left(x_1x_2,\ldots,x_{34}\right) = 0. \qquad (8)$$

Отметим, что $P_n\left(x_1,\ldots,x_n\right)$ обычно является многочленом. Таким образом, система (7), (8) представляет собой также САУ.

Основная задача: следует выяснить, совместна ли система (6) или САУ (7), (8) в случае проектирования пространственного направляющего механизма V класса.

Отметим, что подобные задачи о совместимости САУ возникают также при синтезе пространственных шарнирно-рычажных механизмов высоких классов [2]. Таким образом, в теории механизмов высоких классов актуальной является проблема выяснения совместности САУ, в которой заданы свободные и главные неизвестные.

Рассмотрим совместна ли следующая САУ:

$$\begin{cases} P_1\left(x_1,\ldots,x_n\right) = 0, \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ P_m\left(x_1,\ldots,x_n\right) = 0, \end{cases} \qquad (9)$$

где $P_i\left(x_1,\ldots,x_n\right)$, $i=\overline{1,m}$ – многочлены от $n$ переменных.

С системой (9) свяжем идеал $I$, порождаемый многочленами, отвечающими уравнениям системы

$$I = \left(P_1\left(x_1,\ldots,x_n\right), P_2\left(x_1,\ldots,x_n\right), \ldots, P_m\left(x_1,\ldots,x_n\right)\right).$$

Из теоремы Гильберта о нулях [3] следует, что для системы (9) многочлен $F\left(x_1,\ldots,x_n\right)$ обращается в нуль на решениях данной системы тогда и только тогда, когда найдутся многочлены $r_1\left(x_1,\ldots x_n\right),\ldots, r_m\left(x_1,\ldots,x_n\right)$ и натуральное $S$, для которого $F^S = r_1P_1 + r_2P_2 + \ldots + r_mP_m$, т.е. добавление уравнений вида $F = 0$, полученных указанным способом, не изменяет множества решений данной САУ. Вторым фактом [3], который нам необходим для дальнейших целей: система (9) несовместна тогда и только тогда, когда **1** принадлежит идеалу $I$, порожденному системой (9) и всеми уравнениями вида $F = 0$, где $F^S = r_1P_1 + r_2P_2 + \ldots + r_mP_m$.

Таким образом, надо выяснить: можно ли **1** представить в виде $1 = r_1P_1 + r_2P_2 + ... + r_mP_m$?

Это лучше всего сделать с помощью базиса Гребнера [3]. В каждом идеале существует базис Гребнера и его можно построить согласно алгоритму Бухбергера:

*1 шаг.* Рассмотрим старшие члены многочленов $P_1, P_2, .., P_m$ из САУ (9). Обозначим их через $P_{1c}, P_{2c}, ..., P_{mc}$.

*2 шаг.* Найдем два многочлена $P_i$ и $P_j$, которые имеют зацепления, т.е. у которых старшие члены имеют общие делители $P_{ic} = wq_1$ и $P_{jc} = wq_2$, где $w$ – их общий делитель в виде одночлена.

*3 шаг.* Составим новый многочлен $S(P_i, P_j) = = P_iq_2 - P_2q_1$.

*4 шаг.* Редуцируем многочлен $S(P_i, P_j)$ с помощью имеющегося базиса $P_1, P_2, ..., P_m$. Если результат редуцирования не является нулем, то его добавляем к имеющемуся базису, т.е. к системе (9) добавляем еще одно уравнение.

*5 шаг.* Продолжаем процесс с 1 шага до тех пор, пока не исчерпаем все зацепления расширенной системы (9). Таким образом, за конечное число шагов строится базис Гребнера. Затем его минимизировать и редуцировать. Известно [3, 4], что минимальный редуцированный базис Гребнера идеала определен однозначно. Если построенный минимальный редуцированный базис Гребнера идеала содержит ненулевую константу, то система (9) несовместна. Также по построенному базису Гребнера можно вычислить количество решений САУ (9). В качестве примера рассмотрим применение базисов Гребнера для синтеза параметров пространственного направляющего механизма V класса.

В работе [2] решение задачи интерполяционного кинематического синтеза параметров пространственного рычажного механизма высокого класса общего вида по четырем заданным входного 1 и выходного 4 звеньев получено в виде САУ

$$a_ix_1 + b_ix_2 + c_ix_3 + d_ix_4 + e_ix_1x_3 + f_ix_2x_3 - g_i = 0, \quad i = 1,2,3,4, \qquad (10)$$

где $a_i$, $b_i$, $c_i$, $d_i$, $e_i$, $f_i$, $g_i$ – некоторые числовые характеристики; $x_1$, $x_2$, $x_3$, $x_4$ – неизвестные геометрические параметры механизма.

Выберем упорядочение $x_4 > x_3 > x_2 > x_1$. Занумеруем уравнения (10) через $P_1$, $P_1$, $P_3$, $P_4$. Зацепление $P_1$ и $P_2$ имеет вид

$$P_1d_2 - P_2d_1 = (a_1d_2 - a_2d_1)x_1 + (b_1d_2 - b_2d_1)x_2 + + (c_1d_2 - c_2d_1)x_3 + (e_1d_2 - e_2d_1)x_1x_3 + + (f_1d_2 - f_2d_1)x_2x_3 + (g_1d_2 - g_2d_1) = P_5. \qquad (11)$$

Аналогично запишем зацепление ($P_1$ и $P_3$), ($P_1$ и $P_4$).

$$P_1d_3 - P_3d_1 = P_6, \qquad P_1d_4 - P_4d_1 = P_7. \qquad (12)$$

Далее устраняем зацепление ($P_5$ и $P_6$), ($P_5$ и $P_7$). В результате имеем $P_8$ и $P_9$, в котором отсутствуют неизвестные $x_4$, $x_5$. После этого из зацепления $P_8$ и $P_9$ исключается $x_2$. В результате кубический многочлен $P_{10}$ зависит только от $x_1$. Все указанные зацепления устранены. Таким образом, система (10) имеет конечное число решений, так как справедлива теорема [3]: число решений системы алгебраических уравнений конечно тогда и только тогда, когда базис Гребнера идеала $I$ содержит элементы $P_1$, ..., $P_{10}$, старшие члены которых являются степенями переменных $x_1$, ..., $x_n$ соответственно. В данном случае старшие члены базиса Гребнера имеют $d_1x_4$, $ax_3^2$, $bx_2^3$, $cx_1^4$, поэтому выполняются условия указанной теоремы.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Артоболевский И.И., Левитский Н.И., Черкудинов С.А.* Синтез плоских механизмов. М.: ГИФЛ, 1959. 1084 с.

2. *Канлыбаев О.* Интерполяционный синтез пространственного рычажного механизма IV класса по четырем положениям // Вестник МОН НАН РК. Алматы, 2003. Вып. № 2. С. 28-36.

3. *Аржанцев И.В.* Базисы Гребнера и системы алгебраических уравнений. МЦНМО, 2003. 68 с.

4. *Бронштейн И.Н., Семендяев К.А.* Справочник по математике. М.: Наука, 1986. 544 с.

**Резюме**

V класты кеңістікті бағыттаушы механизмнің кинематикалық синтез есебіне көп мүшелі алгебралық теңдеулерді пайдалану арқылы, Гребнер базисын қолданылуы көрсетілген.

**Summary**

The synthesis of a spatial guide link mechanism of V class upon preset positions of output point of connecting rod

*Институт механики и машиноведения им. У. А. Джолдасбекова МОН РК*

*Поступила 20.01.07г.*